



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 ж. 11.07 № 690
Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Электрондық қаржы орталығы» АҚ
2021 жылғы жылдық қаржылық
есептілігін бекіту және таза кірісін
бөлу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36- бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы №1103 бұйрығымен бекітілген «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жарғысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) Қоғамның 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (010000, Нұр - Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 18-ғимарат, БСН 071140005693, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы ЖСК KZ276010111000098110, БСК HSBKKZKX);

2) 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның 268 617 000 (Екі жүз алпыс сегіз миллион алты жүз он жеті мың) теңге көлеміндегі таза кірісін бөлу тәртібі:

188 031 900 (бір жүз сексен сегіз миллион отыз бір мың тоғыз жүз) теңге Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтерді төлеу үшін республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін;

64 617 000 (алпыс төрт миллион алты жүз он жеті мың) теңге 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 2/57 «Электрондық мемлекеттік сатып алу» мемлекеттік ақпараттық жүйесін кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт (бұдан әрі – сенімгерлік басқару шарты) бойынша республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін;

15 968 100 (он бес миллион тоғыз жүз алпыс сегіз мың бір жүз) теңге Қоғамның билігінде қалдырылсын;

3) 2021 жылға Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы 346 (үш жүз қырық алты) теңге 80 тиын көлеміндегі дивидендтің мөлшері бекітілсін.

2. Қоғамның Басқарма Төрағасы (Н.Ж. Рахметов):

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтерді республикалық бюджетке аударуды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сенімгерлік басқару шарты бойынша республикалық бюджеттің кірісіне аударуды қамтамасыз етсін;

3) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Э.Ш. Қазғанбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Қаржы вице-министрі



Д. Жаналинов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

11.07.2022 г. № 690

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Об утверждении годовой
финансовой отчетности и
распределении чистого дохода
акционерного общества «Центр
электронных финансов» за 2021 год**

В соответствии с подпунктами 7) и 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан «Об акционерных обществах», пунктом 3 постановления Правительства Республики Казахстан от 27 марта 2020 года № 142 «О дивидендах на государственные пакеты акций и доходах на государственные доли участия в организациях», Уставом акционерного общества «Центр электронных финансов» (далее – Общество), утвержденного приказом Министра финансов Республики Казахстан от 24 декабря 2018 года № 1103, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) годовую финансовую отчетность Общества за 2021 год (010000, город Нур-Султан, район Есиль, улица Достык, здание 18, БИН 071140005693, ИИК KZ276010111000098110 в АО «Народный Банк Казахстана», БИК NSBKKZKX);

2) порядок распределения чистого дохода Общества по итогам 2021 года в размере 268 617 000 (двести шестьдесят восемь миллионов шестьсот семнадцать тысяч) тенге:

188 031 900 (сто восемьдесят восемь миллионов тридцать одна тысяча девятьсот) тенге направить на выплату дивидендов по государственному пакету акции Общества в доход республиканского бюджета;

64 617 000 (шестьдесят четыре миллиона шестьсот семнадцать тысяч) тенге направить в доход республиканского бюджета по договору о передаче государственной информационной системы «Электронные государственные закупки» в доверительное управление без права последующего выкупа от 29 декабря 2018 года № 2/57 (далее – договор доверительного управления);

